

Жерге орналастыру құрамында оның тек екі түрін белгіленгенде жер категориялары мен жерге орналастыру іс-қимылдарының мазмұны толық қамтылмайды, өйткені олардың кейбіреулері халық шаруашылығы салалары мен әкімшілік-территориялық бірліктерге, ал кейбіреулері тек жеке кәсіпорындарға қатысты.

Әдебиеттер

1. Қазақстан жер ресурстары, 2010, №6.
- 2.. Земельный кодекс Республики Казахстан, -Алматы, 2003 г.
3. «Жер кадастры», *Есполов Т., Жоламанов Т., Пентаев Т., Абралиев О.* -Алматы: «Дәуір», 2013ж.

Манетов Д.К., Джуламанов Т.Д.

ИЗУЧЕНИЕ МЕТОДОВ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ И ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗДЕЛЕНИИ ХОЗЯЙСТВЕННЫХ ЗЕМЕЛЬ

В данной статье рассмотрены методы использования информационных сетей и технологий в разделении хозяйственных земель.

Ключевые слова: Хозяйственные земли, кластеры, земельная деградация.

Manetov D.K., Dzhulamanov T.D.

STUDY METHODS USE OF INFORMATION NETWORKS AND TECHNOLOGIES IN DIVISION OF FARM LANDS

This article describes methods for the use of information networks and technologies in the division of farm lands.

Key words: farm lands, cluster, land degradation.

ӘОК 332.54

Молжигитова Д.К., Адилова А., Пентаев Т.П., Бөкенова Э.А.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСЕПКЕ АЛА ОТЫРЫП, ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысының аумақтық ерекшеліктерін ескере отырып, жер ресурстарын пайдалану тиімділігін жоғарылату жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: жер ресурстары, жер реформасы, жер санаты, жерді тиімді пайдалану

Кіріспе

Жерді пайдалану тиімділігін жоғарлату жердің табиғи қасиеттері мен қызметінің көпжақтылығымен байланысты, бұл өз кезегінде жер ресурстарын басқару механизмі мен мазмұнына, маңыздылығына әсер етеді.

Жер ресурстары – ештеңемен ауыстырылмайтын үлкен ұлттық байлық. Жерді біздің еліміздің халықшаруашылығындағы әртүрлі салаларында пайдаланады, бірақ оның қызметі барлық жерде бірдей емес. Өндірісте, тау кен саласын есепке алмағанда, ол кәсіпорынның тек орналасу орнын ғана көрсетеді. Тау-кен саласында жер қазба байлықтың көзі болып табылады, және одан қазбаларды алады, бірақ бұл жерде өндіріс жермен, топырақ сапасымен

байланысты жоқ. Ауылшаруашылығында өнімді алу жердің сапалық жағдайына, сипатына пайдалану жағдайларына байланысты. Жер ауылшаруашылығында еңбек заты ретінде қарастырылады, адам топырақтың беткі қабатын өндегенде өнімді алуға қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар жер еңбек құралы болып табылады және ауылшаруашылық өнімді алу үшін топырақтың биологиялық, физикалық, механикалық қасиеттері қарастырылады. Жалпы айтқанда жер өндіріс құралы болып табылады сонымен қатар ауылшаруашылығының материалдық техникалық базасының маңызды бөлігі болып келеді.

Зерттеудің мақсаты

Алматы облысы жерлерінің аумақтық ерекшелік терін зерттеп, оның тиімділігін арттыру жөнінде ғылыми тәжірбиелік ұсыныстар жасау.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Алматы облысының жерлерін тиімді пайдалануға мүмкіндік тудыратын теориялық қағидалар мен іс тәжірбиелердің қорытындылары мен нақты ұсыныстарды пайдалану мүмкіндігімен айқындалады.

Алматы облысының ауыл шаруашылығында жер ресурстарын басқаруға қатысты ғылыми-тәжірбиелік зерттеулерді экономикалық-математикалық қамтамасыз ету.

Қойылған мақсаттарға сәйкес жобада мынадай негізгі міндеттерді шешу каралады:

1. Өңірде және шетелдерде қолданылатын, АӨК-де және аграрлық сектордағы жер ресурстарын басқару шеңберінде оңтайландыру мәселелерін шешу әдістерінің жағдайын талдау.

2. Жер ресурстарын пайдалану мен оларды басқаруды талдаудың негізгі міндеттері. Жер ресурстарын басқару стратегиясы мен тактикасы. Жоспарлау мен болжамдаудың жер ресурстарын басқарудағы рөлі.

3. Экономикалық-математикалық моделдер негізінде жер ресурстарын пайдалануды жоспарлау және болжау жөнінде сценарийлер құру. Ауыл шаруашылығындағы жер пайдалану тиімділігінің экономикалық-математикалық моделдерін құру кезінде заттай және құндық көрсеткіштер жүйесі қолданылатын болады [1].

4. Мәселелерді сызықтық программалау әдістері арқылы экономикалық-математикалық моделдеу:

- жер пайдалануларды орналастыруды оңтайландыру;
- ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымын оңтайландыру;
- ауыспалы егістерді орналастыруды оңтайландыру;
- минералдық тыңайтқыштарды пайдалануды оңтайландыру.

5. Ауыл шаруашылығында жер ресурстарын тиімді пайдалануды моделдеу төңірегінде шешілмеген мәселелер мен сұрақтар.

Біздің мемлекетіміздің қазіргі кездегі аграрлық саясатының негізгі басымдылықтары елімізді қауіпсіз азық-түлікпен қамтамасыз ету, агробизнес жүйесінің тиімділігін қалыптастыру, ішкі және сыртқы нарықта өнімнің сатылу көлемін өсіру және отандық өнімнің нарықтағы бәсекелестігін көтеру, ауылшаруашылық тауар өндірушілерге мемлекет тарапынан қолдау және агроөндірістік кешендерді мемлекеттік басқаруды жетілдіру.

Қазіргі кездегі реформалаудың негізгі мақсаты жер қатынастары субъектілерінің жер ресурстарын мемлекеттік басқарумен байланыста болуы айқындалады. Бұл жердің табиғи объектісі ретінде, шаруашылық жүргізу, басқару және экономикалық іс шаралар жүргізу жер пайдаланудың тиімділігін және жер қатынастарын жетілдіру қажеттілігін тудырады.

Қазіргі кездегі жерді қайта қалыптастыру жер ресурстары жүйелерін жетілдіру мыналарды талап етеді: қаржылық және кадрлық қамтамасыз ету, жерге меншік түрлерін анықтау. Экономикалық жер қатынастарының өзектілігі, мемлекеттік саяси экономикалық және әлеуметтік негізгі фактор қалыптастыру үшін халықшаруашылығындағы жер ресурстарын басқарудың тиімділігін анықтайды [2].

Жерді пайдалану тиімділігін жоғарлату жердің табиғи қасиеттері мен қызметінің көпжақтылығымен байланысты, бұл өз кезегінде жер ресурстарын басқару механизмі мен мазмұнына, маңыздылығына әсер етеді.

Жер ресурстары – ештеңемен ауыстырылмайтын үлкен ұлттық байлық. Жерді біздің еліміздің халықшаруашылығындағы әртүрлі салаларында пайдаланады, бірақ оның қызметі барлық жерде бірдей емес. Өндірісте, тау кен саласын есепке алмағанда, ол кәсіпорынның тек орналасу орнын ғана көрсетеді. Тау-кен саласында жер қазба байлықтың көзі болып табылады, және одан қазбаларды алады, бірақ бұл жерде өндіріс жермен, топырақ сапасымен байланысты жоқ. Ауылшаруашылығында өнімді алу жердің сапалық жағдайына, сипатына пайдалану жағдайларына байланысты. Жер ауылшаруашылығында еңбек заты ретінде қарастырылады, адам топырақтың беткі қабатын өндегенде өнімді алуға қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар жер еңбек құралы болып табылады және ауылшаруашылық өнімді алу үшін топырақтың биологиялық, физикалық, механикалық қасиеттері қарастырылады. Жалпы айтқанда жер өндіріс құралы болып табылады сонымен қатар ауылшаруашылығының материалдық техникалық базасының маңызды бөлігі болып келеді [3].

Ағылшын ғалымы Уильям Петти жер жайлы былай айтқан: «байлық әкесі - еңбек, жер - оның анасы».

Ауылшаруашылығында жер пайдаланудың тиімділігі құндық және натуралдық көрсеткіштермен сипатталады. Олардың негізгілері төмендегідей болып келеді:

- ауылшаруашылық дақылдардың өнімділігі, ц/га;
- жалпы өнімнің, таза табыстың және жалпы өнімнің құны, 1 га есептегендегі табыс, теңге;
- жер ресурстарына шығындардың өтелуі, материалдық шығынға теңгемен;
- өнімді өндіру тиімділігі, %.

Жерді пайдаланудың экономикалық тиімділік көрсеткіштерін анықтауда жердің кадастрлық бағасын, жердің сапасын есепке алу қажет.

Жерді пайдаланудың қосымша көрсеткіштері ретінде мыналарды пайдалануға болады:

- жалпы жер ауданында ауылшаруашылық алқаптарының салыстырмалы салмағы, %;
- ауылшаруашылық алқаптарының құрылымында егістіктің салыстырмалы салмағы, %;
- егістік ауданында ауылшаруашылық дақылдарының салыстырмалы салмағы, %.

Мемлекеттік жер саясатын жер меншігі түрлерін өзгерту мәселесін шешуге емес, жердің сақталуын, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін факторлар кешенін құруға бағыттау қажет. Аграрлық кәсіпорындарды реформалау тәжірибесі, шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық формасын ауыстыру өздігінен өндіріс тиімділігінің өсуін қамтамасыз ете алмайтындығын көрсетті. Әрі мұнда, жер үлестерін бөліп беру арқылы шаруаларды мешік иесіне айналдыру қызметкерлердің ұжымдық еңбек нәтижесіне қызығушылығын көтермеді.

Қазақстанға икемді халықаралық тәжірибені қарастыра келе, жер ресурстарын неғұрлым тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсаттарында жерді алып қою механизмін жетілдіруді, сондай-ақ ұйымдық-құқықтық шаралар кешенін ашып көрсетуге болады, соның ішінде:

- әр жер санаты бойынша жауапсыз жер учаскелері меншік иелері мен жер пайдаланушылар тізілімін жүргізу;
- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалануға тексеруді және жауапкершілікті күшейту;
- жеке және заңды тұлғаларға тауарлық ауыл шаруашылығын, шаруа немесе фермер шаруашылығын жүргізу үшін жер учаскесіне құқық берудің сатылы жүйесін енгізу.

Өндірістік үрдістер туралы көп жылдық мәліметтерді бағалау негізінде, қарастырылып отырған агроқұрылым формасын дамыту тиімділігімен байланысты проблемаларды шешу үшін жер пайдалану мүмкіндігін табуға көмектесетін, егістікті және ауыл шаруашылығы алқаптарын азайту критерийімен бірге оңтайландыру есептерінің жинағы анықталды. Жер пайдалану параметрлерін оңтайландыру мақсаты егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы салаларының өндірістік потенциалын бағалау үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді барынша азайтуға бағытталады [4].

Сонымен, жер ресурстарын басқару шеңберінде ұсынылып отырған ғылыми-практикалық зерттеулерді экономикалық-математикалық қамтамасыз етудің (моделдеу және болжау) тәжірбиелік маңызы мыналардан тұрады:

- салалық және аумақтық факторларды ескере отырып, АӨК жағдайы мен даму келешегі туралы деректерді жүйелендіруден, бұл негізделген үкіметтік шешімдер қабылдауға және ұйымдастыру шараларын жүргізуге қажетті негіз болатын бастапқы ақпарат болып саналады;

- ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мен болжаудың ұсынылып отырған компьютерлік моделдерін зерттеуге негізделген, АӨК-ның жұмыс істеуін кешенді түрде қараудан тұрады.

Қазақстан Республикасының жер Кодексіне сәйкес Алматы облысының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес жеті санатқа бөлінеді: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер; елді мекендердің жері; өнеркәсіп, көлік, байланыс, қоғамдық және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер; орман қорының жері; су қорының жері; босалқы жер. Жерге орналастыру мәселесінде, аймақтық факторлардың жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттырудағы маңыздылығы айқын. Алматы облысындағы жер ресурстарының жеті санатқа бөлінген аудандары:

- ауыл шаруашылық жерлерінің аудандары 2005 жылы - 6800 мың га, ал 2013 жылы - 8090,7 га құрап отыр, яғни соңғы 8 жылда +1290, 7 мың га артқан немесе 18,9% көбейген;

- елді мекендер жерлерінің аудандары 2005 жылы -845,1 мың га, ал 2013 жылы -855,2 га жеткен, яғни соңғы 8 жылда +10, 1 мың га өскен немесе 1,2% артқан;

- өнеркәсіп, байланыс, көлік жерлерінің аудандары 2005 жылы -290,8 мың га, ал 2013 жылы -301,8 га құраған, яғни соңғы 8 жылда +11, 0 мың га қосылған немесе 3,8% молайған;

- ерекше қорғалатын табиғи территориялар аудандары 2005 жылы -989,5 мың га, ал 2013 жылы -1086,7 га құраған, яғни соңғы 8 жылда +97, 2 мың га ұзарған немесе 3,8% артқан;

- орман территориясының аудандары 2005 жылы -4009,1 мың га, ал 2013 жылы - 4076,8 га құраған, яғни соңғы 8 жылда +67, 7 мың га ұзарған немесе 1,7% көбейген;


- су айдыны территорияларының аудандары 2005 жылы -189,0 мың га, ал 2013 жылы - 193,4 га болды, яғни соңғы 8 жылда +4,4 мың га қосылған немесе 2,3% молайған;

- қордағы жерлердің аудандары 2005 жылы -9354,8 мың га, ал 2013 жылы -7776,9 га болған, яғни соңғы 8 жылда -1577,9 мың га қысқарған немесе 16,9% төмендеген;

- барлық жерлердің аудандары 2005 жылы -22478,3 мың га, ал 2013 жылы -22381,5 га құраған, яғни соңғы 8 жылда -1577,9 мың га азайған немесе 4,5% қысқарған.

Ауыл шаруашылығы алқаптарына енетіндер: егістіктер; тыңайған жер; көп жылдық екпелер егілген жер; шабындықтар; жайылымдар. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер құрамына жататындар: ауыл шаруашылығы алқаптары; ішкі шаруашылық жолдары; коммуникациялар; тұйық су айдындары; мелиорациялық жүйе; қора жайлар мен ғимараттар орналасқан жер, басқа да алқаптар: сор, құм, тақыр яғни ауыл шаруашылығы алқаптарының алабына қосылған аумақтар.

Жүргізілген зерттеулер деректеріне сүйенсек, Алматы облысында 2013 жылы жер санаттарының үлес салмағы әр түрлі болып отыр.



Сурет – Алматы облысында 2013 ж. жер санаттарының үлес салмағы, (%)

Осы есептеулер мәліметтер көрініп тұрғандай: ауыл шаруашылық жерлерінің ауданы-36,1 %; қордағы жерлердің ауданы-34,8 %; орман жерлерінің ауданы-18,2 %; ерекше қорғалатын табиғи территориялар ауданы-4,9 %; елді мекендер ауданы-3,8 %; өнеркәсіп, байланыс, көлік жерлерінің аудандары-1,3 %; су айдыны территорияларының ауданы-0,9 %.

Сонымен, жер ресурстарын басқару, бір жағынан, ұлттық байлықты сақтау мен жер учаскелерін айналымға тарту мәселелерін жүзеге асыратын мемлекеттік билік органдарының қызметі, екінші жағынан – жерді пайдаланудың тиімділігін көтерумен байланысты болатын және өңірдің әлеуметтік экономикалық дамуына бағытталған арнайы мақсатты үрдіс болып саналады.

Жер ресурстарын басқару шеңберінде ұсынылып отырған ғылыми-тәжірбиелік зерттеулерді жүргізу нәтижелерін енгізуді қамтамасыз етудің тәжірбиелік маңызы мыналардан тұрады:

- салалық және аумақтық факторларды ескере отырып, АӨК жағдайы мен даму келешегі туралы деректерді жүйелендіруден, бұл негізделген үкіметтік шешімдер қабылдауға және ұйымдастыру шараларын жүргізуге қажетті негіз болатын бастапқы ақпарат болып саналады;

- ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мен болжаудың ұсынылып отырған компьютерлік моделдерін зерттеуге негізделген, АӨК-ның жұмыс істеуін кешенді түрде қараудан тұрады.

Әдебиеттер

1. Постановление Правительства Республики Казахстан от 14 января 2005 года № 14. Об утверждении Положения Агентства Республики Казахстан по управлению земельными ресурсами.

2. Постановление Правительства Республики Казахстан, г. Астана, ҮкіметҮйі от 29 декабря 2011 года № 1650. О внесении изменения в постановление Правительства Республики Казахстан от 1 марта 2011 года № 208 «О Стратегическом плане Агентства Республики Казахстан по управлению земельными ресурсами на 2011–2015 годы».

3. Ахметов К.А., Асаев Р.А., Ахметова Г.К., Заноха А.И. Рекомендации по обоснованию и прогнозированию оптимальных производственных параметров развития ОАО “Ак Булың” Кордайского района Жамбылской области. – Алматы: “Агроуниверситет”, 2003, –57 с.

4. Волков С.Н. Экономические модели в землеустройстве: учебно-практическое пособие / Волков С.Н., Безгинов А.Н. – М.: Тасис, 2001. – 284 с.

Молжигитова Д.К., Адилова А., Пентаев Т.П., Бокенова Э.А.

ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ С УЧЕТОМ РЕГИОНАЛЬНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Государственное управление земельными ресурсами – это целенаправленная деятельность государственных органов власти по организации рационального использования земли, в целях обеспечения интересов как всего общества, так и отдельного человека и устойчивого развития поселения.

Ключевые слова: Земельные ресурсы, земельная реформа, категория земель, эффективное использование земли.

Molzhigitova D., Adilova A., Pentaev T., Bokenova E.

IMPROVED LAND MANAGEMENT FROM A REGIONAL PERSPECTIVE ALMATY REGION

Public land management - a purposeful activity of public authorities for the organization of the rational use of land, in order to ensure the interests of the whole society and the individual and the sustainable development of settlements.

Keywords: Land, land reform, land category, the effective use of land.

УДК 332.33: 631.61(574.5)

Мурсалимова Э.А., Шаймерденов А.

Казахский национальный аграрный университет

АНАЛИЗ СОВРЕМЕННОГО СОСТОЯНИЯ НАРУШЕННЫХ ЗЕМЕЛЬ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В результате антропогенных нагрузок практически на всей территории Казахстана нарушена естественная способность природной среды обеспечивать будущее экономическое и социальное развитие страны.

Ключевые слова: нарушенные земли, полезные ископаемые, экологическая обстановка, промышленные отходы, рекультивация земель.

Введение

Экстенсивное развитие сельскохозяйственного производства оставило след в виде деградации земель и оскудения ландшафтов, более 60% территории страны подвержено жесточайшему опустыниванию, что приводит к уменьшению плодородия почв и, как следствие, к сокращению продуктивности животноводства и растениеводства. За 40 лет эксплуатации целинных и залежных земель в результате ветровой и водной эрозии утрачено 1,2 млрд. тонн гумуса [1].

Постоянно растущие объемы отходов промышленного производства формируют новые техногенные ландшафты, с ростом высоты отвалы и терриконы становятся источниками интенсивного пылеобразования.